



# Ақтөбе университеті



argugazeti@mail.ru

№ 02 (378) 30 қаңтар 2016 ж

1996 жылдан бастап шыға бастады

«Ақтөбе Университеті» Газеті

АРГУ им. К.Жубанова

+7 7132 241 831

## РЕКТОР УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ

**ОҚУ ОРДАМЫЗДЫҢ РЕКТОРЫ, ПРОФЕССОР КЕНЖЕҒАЛИ КЕНЖЕБАЕВ УНИВЕРСИТЕТ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ, ДЕКАНДАР, КАФЕДРА МЕНГЕРУШІЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ.**



Кездесу барысында университет басшысы алда еткелі тұрған Парламент Мәжілісінің кезектен тыс сайлауын еткізуге атсалысу, оқу жылының екінші жарты жылдығындағы жоспарларға, оқытушылардың кәсіби деңгейін көтеру, сондай-ақ, университеттің 50 жылдық мерейтойын абыроймен атап ету мәселелеріне тоқталды.

- Бізде 6 факультет, 2 институт, бөлімдер, ғылыми зерттеу институттары бар. Осындай құрылыммен біз қазір Республикадағы ең үлкен жоғары оқу орындарының қатарындамыз. Жылдағы көрсеткіштермен салыстырғанда студенттеріміздің саны азайғаны рас. Әрине, бытыр Қызылорда, Ақтау қаласының кейбір жоғары оқу орындарына 63, 130 ғана талапкер құжаттарын тапсырған келеңсіз жағдайлар болған. Бұл оңай емес. Біздің жағдайымыз қуантарлық, биыл 2800 талапкерді студент қатарына қабылдадық. Бұл жерде сіздердің еңбектеріңіз зор. Сондықтан «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жұмыла жұмыс жасайық. Студенттердің алдындағы жауапкершілігімізді сезіне білейік, - деген оқу ордамыздың басшысы профессор-оқытушылардың заман көшіне орай біліктілігіңіз, кәсібилігіңіз әрқазы арттыруды баса айтты. Ол бүкіл дүниежүзілік тенденцияны қалт жібеумен назаода ұстап отыруға шақырды. Сондай-ақ, оқытудың Болон процесіне

шәкірттерді онлайн оқытуға арналған тегін интеллектуалды Stereo 3D-MIOC-School бағдарламасына көпшіліктің назарын аударған университет басшысы бұл шәкірттер мен студенттерді кез келген уақытта онлайн оқытуға мүмкіндік беретін білім беру саласындағы жаңа бетбұрыс екендігін тілге тиек етті.

- Мемлекет басшысының Мәжіліс депутаттарының кезектен сайлауын еткізу туралы Жарлыққа қол қоюы құлтарлық жағдай. Жаһандық дағдарыстан шығудың тиімді жолдарын қарастырған Елбасының бұл саясатын бәріміз де қолдап, сайлауға бірауыздан атсалысайық, - деді университет ректоры. Сондай-ақ, Кенжеғали Кенжебаев университет жетістіктеріне де тоқталды.

- Жаңа жыл қарсаңында университетіміз мемлекеттік аттестациядан өтті. Осы сынақта 3,7 орта балмен аттестациядан сүрінбей өткен бірегей оқу орны біздің университет болды. Сонымен бірге республикалық қоғамдық-саяси «Президент және халық» газетінің республикалық «Уақыт таңдауы-Выбор Времени» Агенттігімен бірлескен жобасы бойынша біздің қара шаңырағымыз Жұбанов университеті бірінші орынды иеленіп, «Жылдың үздік жоғары оқу орны» атанды. Әрине, бұл жеңісте сіздердікі. Баршамызға мақсат ортақ, ол ел игілігі, жастардың жарқын болашағы үшін қызмет ету. Алда келе жатқан 50 жылдық мерейтойымызды да абыроймен атап егіп, осында жарты ғасырдай еңбек сіңген аға-апаларымыздың еңбегін асқақтатып, жұмыла бірауыздан атсалыссақ, - деп университет басшысы езітпеп де жеткізді.

Кездесу соңында оқытушылар ректорға сұрақтарын қойып, ұсыныстарын ортаға салды.

Жадыра АРЕН



## АКАДЕМИКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК КАЗАХСТАНА



В 2004 году с известными учеными страны была создана Академия педагогических наук Казахстана.

Целью академии является всемерное содействие развитию системы непрерывного образования и педагогической науки в Казахстане, проведение наиболее важных и перспективных научных исследований и разработок, подготовка научных, справочной литературы и словарей, а также способ-

ствование профессиональной консолидации ученых страны.

По информации, данной на сайте академии, в настоящее время в составе АПН Казахстана 87 действительных членов (академиков), 68 членов-корреспондентов, 11 почетных академиков, 7 иностранных членов, 37 коллективных членов и 28 членов. Среди коллективных членов академии 14 ведущих вузов, 7 колледжей, институты повышения квалификации ка-

дров, республиканские научно-методические центры и другие учреждения.

Выборы действительных академиков, членов-корреспондентов и почетных академиков и иностранных членов Академии педагогических наук Казахстана проводятся на общем собрании академии один раз в год, в сроки, установленные президиумом академии.

Действительные члены (академики), члены-корреспонденты, почетные академики и иностранные члены академии избираются пожизненно.

Действительными членами академии избираются известные в стране и за рубежом деятели образования, науки и культуры, имеющие ученую степень доктора наук и свою научную школу, члены-корреспонденты академии, в исключительных случаях государственные и общественные деятели.

Членами-корреспондентами академии избираются видные деятели образования, науки и культуры, имеющие ученую степень доктора или кандидата наук.

Членами академии избираются работники системы образования, науки и культуры, имеющие большой опыт и заслуги в организации и развитии образования.

В январе 2016 года наши преподаватели были награждены с получением звания академика:

- 1) Шункеев К.Ш., д.ф.-м.н, профессор - действительный член академии (академик);
- 2) Пангереев А.Ш., доцент, д.ф.н - действительный член академии (академик);
- 3) Бораш Б.Т., доцент, д.ф.н - действительный член академии (академик);
- 4) Кайдасов Ж.К., доцент, к.ф.-м.н - член-корреспондент;
- 5) Смагулова А.С., доцент, к.ю.н, - член-корреспондент;
- 6) Куздыбаева М.С., доцент, к.э.н, - член академии педагогических наук.

Джана КУЖАУМЕТОВА

Пікір

## ЕЛБАСЫ МАҚАЛАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлт Жоспары - Қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласына орай өз пікірлерін ортаға салып, талқылау мақсатында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде профессор-оқытушылардың қатысуымен дөңгелек үстел жиыны өтті.

Дөңгелек үстелді кіріспе сөзбен университеттің әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры Мұхтар Миров ашып, Елбасы мақаласының жер-жерде қызу талқыға түсіп жатқандығын тілге тиек етті. Философия ғылымдарының докгоры, профессор Амангелді Айталы, тарих ғылымдарының докгоры, профессор Нұртаза Абдоллаев, философия ғылымдарының кандидаты Үмбетхан Сәрсембин мемлекет басшысының Жолдауына орай өздерінің тың пікірлерін ойларын ашық білдіріп, кепшілікпен талқылауына салды. Профессор Амангелді Айталы 5 институционалды реформа жайында БАҚ беттерінде жиі жарияланып, түсіндірілгенін, тек соны жүзеге асыру биыл ғана қолға алынып жатқандығын айта келіп, қаржылық дағдарысты еңсерудегі тиімді жоспарлар, ел экономикасын өсірудің тың тәсілдерін қарастыру осы құжатта тиімді қарастырылғандығына кепшілікпен назарын аударды. Про-



фессор Нұртаза Абдоллаев 2016 жылдың 1 қаңтарынан «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» – Ұлт жоспарын орындаудың кезеңі басталды. Бұл құжат 2015 жылдың 30 қарашасында жарияланған Жолдауда қойылған міндеттердің аннотациясы сияқты болып көрінеді деп мақала жайындағы

ойын кепшілікке байыппен жеткізді. Бұл шара барысында жастарға да сөз берілді. Филология факультетінің 1 курс студенті Әсем Самбаева ортаға шығып, мемлекет басшысының мақаласына орай жастар атынан пікірін білдірді.

Жадыра АРЕН

## БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Қазіргі жағдайда қоғамның білім деңгейі мен интеллектуалдық әлеуеті ұлттық байлықтың маңызды құрамы ретіндегі сипатқа ие болды, ал адамның білімділігі, кәсіби икемділігі, шығармашылыққа талпынысы және қалыптанып отырған жағдайларда әрекет ете білуі қоғамның тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шарт болады.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев жыл сайыны Қазақстан халқына жолдауында білім беру саласына да көптеген стратегиялық маңызы бар міндеттер жүкттейді.

Олай болса, биылғы жолдаудың өзектілігі: Тәуелсіз мемлекеттің - 25 жылдығы қарсаңында жауапты сәтте бірлікті сақтай отыра, елдің иелігі үшін аянбай еңбек ету. «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» деген қағиданы еске ұстай отыра, табысты еңбек ету. Қазірдей құбылмалы уақытта кеңістіктегі ақпаратты кәсіби иере отырып, уақыт талабына бейімделу. Жолдаудың мақсаты: елі бақытты, жері гүлденген қасиетті Отанымыз Қазақстанды «Мәңгілік Ел» ету! Әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылып, бай да қуатты елдермен иық түйістіру.

Жолдаудағы жаңарудың 5 бағытының жаңа әлеуметтік саясат деп аталатын бөлімінде «Әлеуметтік саясаттағы мемлекеттің басымдығы адам капиталын дамытуға кең ауқымды инвестициялар болуы тиіс. Біз бұған дейін қабылданған бағдарламаларға сәйкес, білім беру және денсаулық сақтау салаларын жаңғыртуды жалаастыруымыз керек» деп атап көрсетілді.

Бұған дейінгі қабылданған бағдарламалар дегені 2010 жылғы, 7 желтоқсандағы №1118 бұйрықпен бекітілген ҚР Білім беруді дамытуының 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болатын. Бағдарлама 2 этаптан тұрады, біріншісі 2011-2015, екіншісі 2015-2020 жылдар аралығын қамтиды.

Бағдарлама мақсаты - экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Бағдарламаның басты стратегиясы - сапалы білім беру, адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасау.

Жалпы «сапа» ұғымының мәні кең, ол өнім, еңбек, тұрмыстық қызмет, денсаулық, білім, мәдениет, қоршаған ортадан бастап адам өмірінің сапасына дейінгі аралықты қамтиды. Мұның ішінде білім беру сапасына тоқталсақ, күні бүгінге дейін білім сапасын ағымдағы оқу жылының бағалары «жақсы», «өте жақсы» деген ұғымдардың пайыздық көрсеткіштерімен көрсетсек, өндігі сапа білім беру деңгейіміз - нақты қажеттілікті қанағаттандыратын барлық сипаттамаларының жинақтығын анықтайтын норма дейді қазіргі ғалымдар. Олай болса, сапалы білім беру біріншіден, педагогтардың кәсіби дамуы болса екіншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманауи әдістемелер мен технологияларды енгізу арқылы білімнің қоғам сұранысын қанағаттандырудағы сапалы білім беруде әлемдік стандарттар деңгейіне дейін қол жеткізу керектігі атап көрсетілді. Ендеше сапалы білім беру бүгін күнде өзіндік ерекшелігі бар сұранысты қамтамасыз ететін орта болады. Мұндағы басты көрсеткіш индикаторы, мұғалім біліктілігіндегі кәсіби - тұлғалық деңгейі сапасының жоғары болуына ерекше назар аударады.

Сонымен қатар жолдаудағы кілтті сөздер: өсу реформалары, даму көрсеткіштерінің білім саласында өзіндік орны бар.

Мәселен, білім берудегі өсу – бұл педагог тұлғасы, әлеуметтік беделі, қоғамдағы орны, іс-әрекеттегі мәдениеттілігі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, жоғары оптимизмдік қабілет кәсіби этикалық сапасы. Ізденушілік, зерттеушілік, шығармашылық, АКТ жан-жақты меңгеру, өздігінен білім жетілдіру, өздігінен біліктілікті арттыру, өз пәнін екі, үш тілде меңгеру, саралай, сараптай, бағалай, талдай білудегі - кәсіби өсу құзыреттілік сапасы болып табылады.

Білім берудегі реформалар – 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу, білім берудің жаңартылған мазмұнына өту, интеллектуалдық мектептер желісін белсенді дамыту, сапалы біліктілікті арттыру, білім берудегі үш тілді оқытуды жаппай енгізуді қамтамасыз ету, Халықаралық PISA, TIMSS байқауларына қатысу. Білім берудегі даму - мектепке дейінгі білім беру мекемелері, берудің жаңа әдістеріне көшу; Білім беру саласында ғылыми-зерттеушілік қызметті белсенді дамыту; Оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құру; Білім берудің онлайн жүйелерін дамыту; орта және жоғары білім берудің оқу жоспарларының бағыттылығы мен басымдықтарын оларға тәжірибелік машықтарға үйрету бойынша және тәжірибелік біліктілікке ие болу бағдарламаларын қосып, өзгерту. Мемлекеттің басымдығындағы адами капиталдың дамуы сапалы білім беруде интеллектуалдық және инновациялық деңгей арқылы жетістікке жетеді.

Айгүл ҚАПЛИЕВА,  
п.ғ.к., доцент



## ЕЛІМІЗДІҢ КЕЛЕШЕГІНЕ ЖАҢАША БАҒЫТ СІЛТЕДІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің сырттай оқу факультеті деканатының ұйымдастыруымен 1 курс студенттері арасында Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты халыққа жолдауын түсіндіруге және талқылауға арналған жиналыс өткізілді.



Жолдауға байланысты сөз алған факультет деканы, профессор А.Ш.Пангереев, әдіскер Ж.Н.Әбдірахманова бұл жолдаудың қазіргі таңдағы маңыздылығын атап етті. Ал студенттер атынан сөз алған қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1 курс студенті Гүлдерай Жұмағазы «Елбасы Жолдауы - еліміздің даму жолы» тақырыбында баяндама жасады. Сонымен бірге факультетте дәріс беретін ұстаздар мен әдіскерлер, студенттер өз пікірлерін ортаға салып, жолдаудың іске асырылуына жастардың күш жігері мен білімдері қажет екенін атап көрсетті.

Білім-барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған Білімді ұрпағы бар ел ғана өзін мойындатып, келешек тізгінін өз қолында ұстайды. Сондықтан да, Елбасы Н.Назарбаев өз жолдауында жастарды білімге шақырып,

білім алу жолдарын бір жүйеге келтіріп, шәкіртақыны есіріп, білім нәрін беретін ұстаздардың жалақысын кетеруді қолға алып отыр. Жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беру еліміздің ертеңіне сенімділікпен қарауға мүмкіндік береді. Жолдауды талқылау барысында ұстаздар мен әдіскерлер, студенттердің пікірлері осындай бір жүйеге келді. Талқылау соңында студенттер Елбасы Жолдауының ықпалымен еліміздің болашағы жарқын келешекті дамыған еркеніетті ел боларына сенімді болып тарасты.

Гүлдерай ЖҰМАҒАЗЫ,  
қазақ тілі мен әдебиеті  
мамандығының 1 курс студенті



2016 жылдың 15 қаңтары күні университетімізде Стратегиялық даму және білім сапасын бағалау басқармасының ұйымдастыруымен «Білім беру қызметін ұйымдастыру: оқыту элементтерін жоспарлау және олардың мазмұны» атты семинар өтті. Бас оқу ғимаратының кіші мәжіліс залында өткізілген семинарға институт директорлары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, бөлім басшылары және оқытушылар қатысты.

## СЕМИНАР ӨТТІ

Семинар жұмысын ашқан оқу ісі жөніндегі проректор С.А.Айпеисова сөзін «Қазіргі білім беруде құзыреттілік тәсілдеме» деген тақырыпта жалғастырды. Құзыреттіліктің мәні, оның түрлері мен қазіргі оқу ісінде нарық талаптарына сай келетін, бәсекеге қабілетті маман даярлаудағы маңыздылығы туралы жасалған баяндама қатысушылардың көңілінен шықты.

Келесі сөз стратегиялық даму және білім сапасын бағалау басқармасының бастығы Б.С.Абеноваға берілді. Ол өз сөзін элективті пәндер каталогының құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарға арнады. Жоғары білім беру ісінде элективті компоненттердің алатын орнын, маңыздылығын, олардың игерілуге тиіс кредиттер санында алатын ауқымына тоқтала келіп, ЭПК жасақтауға қойылатын талаптарды нақтылады. ЭПК рәсімдеуде жиі кездесетін мәселелерге назар аудару қажеттігін айтып, ЭПК жасақтау принципін дәйекті мысалдармен көлтірді, оны құрудың айқын алгоритмін көрсетті.

«Білім беру қызметін ұйымдастыру: оқыту элементтерін жоспарлау және олардың мазмұны» атты семинар барысында біліктілікті арттырудың «Өрлеу» мемлекеттік бағдарламасы бойынша өз біліктіліктерін шетел жоғары оқу орындарында арттырып келген келесі оқытушыларға сөз берілді: ИТЖОТ кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. А.М.Байганова, қазақстан тарихы және ТП кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к. А.М.Еспенбетова, химия кафедрасының аға оқытушысы, х.ғ.к. А.А.Агишева. Олар республикалық және шетел ЖОО-ларында жасақталған элективті пәндер каталогтарына сараптама жасап, өз мамандықтары бойынша құрастырған ЭПК үлгілерін ортаға салды.

Семинар соңында ЭПК жасақтау мәселелері бойынша қойылған сұрақтарға тыңғылықты жауап беріліп, білім беру қызметін ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Өз тілшіміз



## ҮЗДІК ЖОБАЛАР АНЫҚТАЛДЫ

Университетімізде жыл сайын үздік әдістемелік жобалардың байқауын өткізу дәстүрі қалыптасқан. Ғылыми-әдістемелік бөлімнің оны ұйымдастырудағы мақсаты озық педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату, білім беру үрдісінің тиімділігін арттыру, ПОҚ-ның экспериментальдық, зерттеушілік, шығармашылық қызметіне қолайлы жағдай жасау.

Биылғы өткізілген «Жоғары оқу орнында оқытудың заманауи технологиялары» байқауының алғашқы кезеңінде материалдарды қабылдау, сараптау жүргізілді. Қаңтардың 20-шы жұлдызында байқаудың тұсаукесері өткізіліп, жүлделі орындар анықталды.

Арнаулы комиссияның сараптауынан өткен 9 жұмыс нәзік кезеңге жіберілді. Презентация кезіндегі қазылар алқасының қойған бағасы, сараптау комиссиясының іріктеу кезеңінде ұсыныстарының жалпы саны бойынша қорытынды шешім төмендепдей болды:

қазақстан тарихы және тарихи пәндер кафедрасының аға оқытушысы Айнұр Қадырқұлованың «Тарих пәні бойынша оқу жұмысын ұйымдастыру формалары» жобасы бірінші орынға лайық деп табылды. Информатика теориясы және оқыту технологиясы кафедрасының аға оқытушысы Жанар Үбаеваның «Microsoft Excel кестелік процессор» жобасы екінші орынға ие болды. Мемлекеттік басқару және маркетинг кафедрасының PhD докторы, доцент Мейрамгүл Сайымованың «Қала экономикасын дамытуда маркетингтік зерттеудің рөлі» тақырыбында инновациялық оқыту әдістерін қолдана отырып, өз бетіндік жұмысты жобалау әдісі», информатика және ЕТ кафедрасының аға оқытушысы Алла Мусинаның «Применение метода кейс-стади на некоторых лекциях по основам информационной безопасности» жобалары жүлделі үшінші орындарды бөлісті.

Теориялық және колданбалы тіл білімі кафедрасының

доценті, филология ғылымдарының кандидаты Майра Күштаева «Сөздің морфологиялық құрылымы» жобасы үшін «Көшбасшы әдіскер», қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, магистр Гүлнар Обаева «Өлеңтану, өлең теориясының негіздері» жобасы үшін «Жаңашыл оқытушы» атанды.

Заң пәндері кафедрасының оқытушысы Рауан Жалтырбаева «Бұйрық арқылы іс жүргізу және сот бұйрығы», шетел филология кафедрасының аға оқытушысы Эльмира Боранқұлова «Арнайы шет тілі кәсіби С2 пәнін модульдік оқытуда интерактивті сабақты ұйымдастыру барысында Блум таксономиясы бағалау әдісін қолдану», педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, магистр Ұлболсын Тұяқова «Самопознание» жобалары үшін «Алғыс хатқа» ие болды.

Әдістемелік жобалар байқауының жоғары деңгейде өтуіне ғылыми-әдістемелік бөлімнің тыңғылықты ісін атап өткен ләзім.

Өз тілшіміз



## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ



«Ұстаздық өткен жалықпас, уйретуден балаға» деп Абай атамыз жырлағандай, ұстаздың қоғамдағы орны әрқашан биік. Ұстаздың әділдігі, адалдығы, батылдығы, мінез сұлулығы, іс пен сөз бірлігі, ұстамдылығы шәкірт тарапынан оң бағасын алып отыратыны сөзсіз. Білікті де кәсіби шәкірттер тәрбиелеп, еңбегінің жемісін көріп жүрген осындай ұстаздарымыздың бірі география кафедрасының аға оқытушысы Зоя Омаргазықызы десек артық айтқандық емес. Ол өзінің ісімен де, сөзімен де, мәдениеттілігімен де, қоғамда, жұмыс орнында, әріптестерінің алдында зор беделге ие болып жүрген адал жан.

Зоя Омаргазықызының өмірбаянына қысқаша тоқтап отыр болсақ, ол 1958 жылы 22 қаңтарда еліміздің Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Көкжыра елді мекенінде дүниеге келген. 1976 жылы М.Әуезов атындағы қазақ орта мектебін үздік аттестатпен аяқтап, 1976-1981 оқу жылдары Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының география, оған қосымша биология мамандығын үздік белгімен бітірген.

Зоя Омаргазықызының ұлағатты ұстаз жолын таңдауы кездейсоқтық емес. Әкесі Омаргазы Кажиақбаров оқу ісінің

озық қызметкері, ұзақ жылдар мектеп директоры қызметін абыроймен атқарған. Әке жолын қуған Зоя Омаргазықызы 1990 жылы Ақтөбе педагогикалық институтында жаңадан ашылған «Жаңа тарих және география» кафедрасына ең алғашқы оқытушылардың бірі болып жұмысқа орналасады. Содан бері бұл кісінің кафедраны қалыптастыруда, материалдық-техникалық жабықтарды жинақтауда, қапа мектептерімен тығыз байланыс орнатуда ұстаздың қосқан үлесі зор.

Ғылыми – педагогикалық жұмыс барысында 25-ке жуық ғылыми мақалалары республикалық, халықаралық баспасөз беттерінде жарық көрген.

Бірнеше жылдан бері «Ұстаз шығармашылығы – Творчество педагога» республикалық педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, мүдделілік журналдың ақылдастар алқасының мүшесі. 2008-2009 оқу жылының қорытындысы бойынша «Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының үздік оқытушысы-2009» тес белгісімен марапатталды.

Зоя Омаргазықызы 3 бапаны өмірге әкеліп, оларға үлгі тәрбие, мол еңеге бөле білді. Олардың барлығы да жоғарғы оқу орындарын ойдағыдай тамамдап, қазір мамандықтары бойынша қызметтерін атқаруда. Жолдасы Сатыпалды Сәуірбаев елге танымап журналист.

Зоя Омаргазықызы білім беру сапасын арттыру саясатын жүзеге асырушы құрметпен зейнеткерлік жасына жеткен ұлағатты ұстаз. Ол – мемлекетімізді құрметтеу жауапкершілігін жас ұрпаққа жеткізіп дарытушы.

Зоя Омаргазықызына зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасына баянды бақыт тілей отыра, қуанышыңыз құтты болсын демекпіз!

**Г.Т. КУБЕСОВА,**  
география кафедрасының меңгерушісі, г.ғ.к.,  
**доцент, Г.Ж. СУЛЕЙМЕНОВА,**  
аға оқытушы, т.ғ.к.

## ВСТРЕЧА С ПСИХОЛОГОМ

Своими корнями практика воспитания уходит в глубинные пласты человеческой цивилизации. Воспитание появилось вместе с первыми людьми, но наука о нем сформировалась значительно позже, когда уже существовали такие науки, как геометрия, астрономия и многие другие. Наука о воспитании и обучении есть педагогика.



Педагогический процесс, направленный на развитие и формирование личности в условиях воспитания, - предмет педагогики. Роль педагога в становлении личности игра-

ет важную и очень значимую роль. В своей методике «Гуманная педагогика» Шалва Александрович Амонашвили, доктор психологических наук, профессор, уделяет осо-

бое внимание личности учащегося, принимая во внимание особенности характера и иного подхода к нему.

Для студентов и преподавателей нашего университета по вопросу гуманной педагогики прошел тренинг-семинар, проведенный Мариной Таргаковой - психологом, специалистом по семейным взаимоотношениям.

Тренер особо подчеркнула, что задача гуманной педагогики - самоотверженно помогать детям открыть в себе судьбу. Принцип гуманной педагогики - очеловечивать среду вокруг ребенка.

В ходе семинара слушатели почерпнули для себя много полезного и нового в изучении психологии в педагогике. Всю ценность и важность гуманной педагогики легко и доступно лектор смог донести до каждого слушателя и даже до тех, кто не имеет никакого отношения к профессии учителя.

**Динара КУЖАХМЕТОВА**



## Презентация книги Беркина Курманбекова «Алтай батыр»

14 января к 25-летию независимости Казахстана в областной библиотеке им. С.Байшева прошла презентация книги «Азаттықты аңсаған Алтай батыр» Беркина Курманбекова.

Модератором презентации выступил кандидат исторических наук, декан исторического факультета С. Ескалиев. В презентации приняли участие заслуженные деятели и ветераны Вайганынского района, преподаватели АРГУ им. К.Жубанова, работники культуры, учителя, студенты и школьники.

Доктор исторических наук, профессор Нуртаза Абдуллаев особо подчеркнул значимость научных трудов Беркина Курманбекова. Автор в книге собрал важные исторические данные, что представляет для читателя «сложный» и содержательный труд.

Говоря об Алтай батыре, мы должны помнить о том, что Алтай Ебекиұлы был мудрецом, дипломатом, героем в политических изменениях XVIII века в Младшем жузе. Активно участвовавший в военной борьбе казахского народа, он не забывал и о политическом положении того времени своей страны. Об этом автор пишет в своем труде, основываясь на архивных материалах. Также участники презентации отметили и то, что «человек, которого страна едва не утеряла из памяти, - драгоценный храбрец, настоящий герой, своей справедливостью не уступавший Вяям, участник ханского совета, Ак кете Алтай батыр был особенной личностью в истории казахского народа».

На конференции была представлена книжная выставка «Тарихтан тағылым танытқан тұлға» краеведа Беркина Курманбекова.

**Д. КУЖАХМЕТОВА**

## МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ

Жақында «Заман біздікі» интеллектуалды элиталар одағы Қ.Жубанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің экономика және құқық институтының құқықтану мамандығының студенттерімен кездесу ұйымдастырды.

«Заман біздікі» ИЭО-ның президенті Мейрамбек Күртебаев кездесудің маңыздылығын түсіндіре отырып, студенттерге бос уақытты тиімді пайдалануға кеңес берді және Ақтөбе қаласында пікірсайыстың жоғарғы деңгейде дамығандығын сезге тиек етті. Сонымен қоса «Заман біздікі» ИЭО-ның осы уақытқа дейін жеткен жетістіктері презентация күйінде көрсетілді.

Кездесуде пікірсайысушылардың барлығы сөз сөйләп, студенттердің пікірсайысқа деген қызығушылығын арттырды. Құқықтану мамандығының студенттері пікірсайыстың өз мамандықтарына қаншалықты керек екенін түсіне отырып, көптеген сұрақтарына жауап алды.

Бұл кездесудің негізгі мақсаты – пікірсайысушы атанғыы келетін әрбір студенттерді анықтау, өзара



достық қарым – қатынасты нығайту, білімдерін одан әрі қарай шыңдай тусу, жастарды кепшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге дағдыландыруға арналды.

Кездесу соңында «Заман біздікі» ИЭО-ның есігі пікірсайысқа жаңадан қосылғалы жүрген жастар үшін әрдайым ашық екендігі айтылды.

**Ақылбек ҚОНЫСОВ,**  
экономика және құқық институтының  
1 курс студенті

## Жұбановтану



Мансия Иржанова – зейнеткер. Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі. Қ.Жұбанов атындағы Жұрын орта мектебінің ардагер ұстазы.

Жариялылық пен демократия принциптері салтанат құрып отырған бұл күндері 1937-1938 жылдары нәубет деген атпен тарихқа енген әділетсіздік пен заңсыздықты батыл айыптауды, сол кезеңде жазықсыз жазаланған ел азаматтарын еске алуды және халыққа еңбегі сіңгенмен кезінде саясат құрбандығына ұшыраған қайсыбір қайраткерлердің атын құрметтеп, ұлықтауды уақыт бүгінгі ұрпақтың маңдайына жазыпты. Тоталитарлық заманның құрығына ілініп қаза болған «нар» қазақтардың бірі Құдайберген аға еді. Қазақстанға аты қайраткер ретінде кең танылып дүниеден өткен Жүсіп Әлсейітов атты ағайым «Құдекенді ғылымда, білімде, руханиятта теңдесі жоқ тұлға деп бағалаған М.Әуезов «Бізде не кеп? Бізде тасығанда өткел бермейтін шолақ сай сияқты шолақтар кеп. Бізде не жоқ? Бізде мұхит жоқ. Ал, Қ. Жұбанов қазақ әдебиеті мен мәдениетінің мұхиты еді. Қапыда қол үзіп қалдық қой,

деп қамыққан еді Мұқан» десе, кішіректеу кезінде Жұбановтың кезін келген меніңезанам Жібек «Құдайберген ағамыз ажарлы, келбетті, келісті адам еді. Ағалап, соңынан өріп жүруші едік, бөрімізге айналайындар, жарықтарым дегендей жақсы сөздер айтатын» - деп әркез еске алып отыратын

Ғарифулла Құрманғалиев сияқты т.б. бір топ адам ере келді. Біз онда 11 класты аяқтағалы жатыр едік. Қатты қуандық, өйткені сонда қазақ музыкасының ғұламасы А.Жұбановтың ағасы жайлы әнпелерін ез аузынан тыңдау, Ғ.Құрманғалиевтің домбырамен орындаған термелерін, А.

## ЖАДЫМДА САҚТАЛЫПТЫ СОЛ БІР КЕЗДЕР

Осындай жағдайлар себеп болып, 1961 жылдың желтоқсан айында Жұрын қазақ орта мектебінде ауыл халқы түгел қатынасқан ашық партия жиналысы өтті. Онда қазақтың тұңғыш профессор-лингвисті Қ.Жұбановтың есімін мектепке беру жөнінде мәселе қаралып, 1962 жылы ақпан айында біздің оқу орнына ғалым ағаның есімі берілген еді. Сол жылы ғалымның інісі Ахмет Жұбановтың келіп біздің мектепте кездесу өткізгені де есімде. Ол кезде мен 6-7-класста оқитын оқушы едім. Сол кездесуде атақты композитор жерлесіміз А.Жұбанов «1916-1917 жылдары дәл осы корпусқа менде оқыдым. Мына жердегі терде Николай патшаның үлкен портреті ілініп тұрушы еді. «Патша тақтан құлады» деген хабар жеткенде біз бүкіл балалар жабыла көтеріп мектептің артындағы терең сайға бар күшімізбен лақтырып тастап едік» деп өзінің бала кезіне бір оралып барып қайтқанды. Екінші рет композитор, академик Ахмет Жұбановпен кездесу 1966 жылы мамыр айында болды. Бұл кездесу Ахмет Жұбановтың 60 жасқа толуына байланысы болды. Біздің ауылға Ахмет Жұбановқа

Жұбановтың «Қапығаш» әнін радиодан емес, әнші мен композитордың өздерінің орындауында есту бізге үлкен әсер қалдырса, сол күні ауыл тұрғындарының қонақтарды мектеп алдындағы ашық алаңда еш жасандылықсыз, шынайы, ыстық ықыласпен қапай қарсы алғандығын бүгінде тілмен айтып жеткізу мүмкін емес.

Жұбановтар әулетімен жүздесу сөті біздің мектепте кейініректе де бірнеше рет болды. 1960-1970 жылдар аралығында Құдайберген ағаның баласы, профессор Есет Жұбанов екі-үш рет ауылға анасы Раушанмен келіп, жұрындықтармен кездесі. Раушан ежеміз орта бойлы, деңгелек жүзді, қараторы байсалды адам еді. Құдайберген атамызды көңілі босап отырып еске алды. Облыстағы жалғыз оқу орны Жұбанов атындағы осы Жұрын мектебінде 1989 жылы мамыр айында Қ.Жұбановтың туғанына 90 жыл толуына байланысты тағы бір кездесу өтті. Бұл кездесуде жиналған жұрт Құдайберген ағаның ұрпақтары Есет, Ақрап, Қызғалдақ, Болат, Қайыр Жұбановтармен бірге академик Рабиға Сыздықова, ҚР тіл

білімі институтының директоры Әбдуали Қайдаров сияқты ғалымдармен сұхбаттасу мүмкіндігіне ие болды.

Ал 1994 жылдың желтоқсан айында қазақтың тұңғыш лингвист-профессоры Қ.Жұбановтың туғанына 95 жыл толуына арналған екі күндік аудандық конференция-сәминар өтті. Конференцияны даярлап, Қ.Жұбанов атындағы мектептің базасында өткізген сол кезде облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында тілдік және гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істеген, Қазақстан Республикасының білім беру озаты Б.Ш.Баймұханов болатын Конференция барысында Ақтебе педагогикалық колледжінің оқытушысы, «Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі» З.Бралованың «Қ.Жұбанов қазақ халқының өлеуметтік-қоғамдық өмірінде», Қ.Жұбанов атындағы АПИ-ның музыка кафедрасының оқытушысы, ЖЕНПИ аспиранты – Б.Бекниязовтың «Профессор Қ.Жұбанов және қазақ музыка өнерінің тарихы» тақырыптарына жасаған баяндамалары тыңдалып, Құдайберген ағаның педагогикалық-методикалық концепциялары бойынша практикалық сабақтар өткізілді. Бұл шара мазмұны және тартымдылығымен қатысушыларға еске қаларлықтай әсер өтті. Сол уақыттан жиырма жыл кейін жақында Жұрын жеріне ат-ізі салған сол Болат Баймұханов ағайдың (қазір Қ. Жұбанов атындағы АӘМУ «Жұбановтану» ғылыми-зерттеу лабораториясының меңгерушісі) жетекшілігімен Жұбанов атындағы біздің орта мектепте «Жұбанов апталығы» өтті. Мектеп пен университеттің жұбановтық нәзідеп өзара байланысын нығайтуға бағытталған бұл апталық оқушыларды Құдайберген және Ахмет Жұбановтар рухында тәрбиелеу қажеттігіне мұғалімдер назарын тағыда бір аударғандай болды.

## ҰСТАЗ ЕСТЕЛІГІНЕН: ЗЕЙІНДІ ШӘКІРТ ЕДІ ОЛ



Октябрь таңы атқанға дейінгі азда болса оқыған азаматтардың ол кезде мақсаты қараңғылық пен надандық торына шырмалған аяулы халқын білім мен мәдениетке тартып, өнегелі өмірге баулу еді.

1911 жылы Уфадағы медресе «Ғалияны» бітіріп қайтқаннан кейін білім нәріне шөлдеген қазақ жастарының көзін ашуды өзіме мақсат еттім. Сол кезде бастаған сүйікті қызметіммен 1955 жылы қоштастым. Осы өткен 44 жыл жас буынды тәрбиелеу жұмысында менің алдымнан кептеген дарынды жастар өтті. Міне, сол жастардың ішінде тарихта, өмірде, ғылым мен білімде артына елмес мұра қалдырған қазақтың біртуар азаматы Құдайберген Жұбанов та бар еді.

Ауыл ұстасы Сатыбалдыға қозылы қой беріп салдырған шым мектепке келіп-кетіп жүрген санаулы жастардың ішінен ұяң мінезді, қараша бала асқан зейінді ұғымталдығы, зеректігімен сол кезде менің көзіме бірден түскенді. Сол жылдардың өзінде Құдайберген орыс тіліне сонша құмар еді. Сондықтан болар, ол сол кезде Орқаштың бір кластық орыс мектебінің мұғалімі Ашығалиев Құсайыннан қосымша сабақ алып жүрді. Осы кезден бастап Құдайберген Жұрында, Күйік қаласында, Орынборда оқып, білім шыңына қарай әрлей берді.

Жас кезінен бастап-ақ Құдайберген әдебиет пен көркем өнерге бейім бейім еді. Ауыл арасындағы ескінің қалдықтарың қожа-молдаларды мазақ етіп, қысқа-қысқа елөңдер жазатын Сол кезде оқыған қазақ жастарының бір дәстүрі қолжазбамен газет, журналдар шығаратын-ды. Құдайберген Күйік қаласында оқып жүрген кезінде «Тез» атты қолжазба журналын шығарып тұруға ұйтқы болғанды.

Журналдың атын «Тез» қою себебі халық арасындағы ескі қалдықтарды тезге салып түзету еді. Сол журналда Құдайбергеннің «Ит өулие» әнпмесі және менің «Жазықсыз жандар» атты қысқа қолтұмам шыққан-ды.

Құдайберген сурет өнеріне де өте шебер болды. Ол майлы бояумен, қарындашпен, тіпті кемірмен де әдемі суреттер сала беретін. Ол суретпен қатар оқу жұмыстарымен де айналысты. Ағашқа, тасқа нөбір тамаша оюлар салатын

Жұртшылығымызға мәлім, Құдайберген отызыншы жылдарда ғалым ретінде қазақ тілінің грамматикасымен айналысты. Бұл кезде ол өзінің жұмысы жөнінде маған шәкіртім ретінде хабарлап тұрды. Кейін ол өзі жазған тұңғыш монографиялық зерттеуінің бір данасын ескерткішке жолдап, «Ұстазыма сыйға тартамын» деп жазыпты.

Мен ұзақ ұстаздық өмірімдеп бір жарқын бет Құдайберген және Ахмет Жұбановтарға қалам ұстатып, қара танытқан кезім деп білемін. Кейін шәкірттеріме де осы қос ғұламаны қасиетті мінез-құлықтары, зеректігі жөнінде айтып, үлгіге ұсынып отырдым. Ал Жұбановтарға ұстаздық өткенімді өзім мақтаныш өтемін

Абдолла Беркінов,  
Жұбановтардың алғашқы ұстазы,  
«Ленин» орденінің өгері

## Жұбанов - бар уақыттың сөнбес күні

Атағы күллі елге болған мәлім. Оза шауып бөйгеде озған дарын Құдайберген – халқының шын асылы, Ұлы қазақ тілінің жанашыры! Ұлтының руханият саласында, Эверест боп тұрған бір дара шыңы! Жұбанов – Отанының мақтанышы, Ғалымдықпен танылған елге есімі, Ол бізге бар уақыттың сөнбес күні, Өз халқының дауысы, өлмес үні!



А.ҚАНАТКЕРЕЙ, Л.Н.Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеті, филология факультетінің 2 курс студенті



Ертай Ашықбаев

## Құдайберген Жұбановқа

Қазақ тілі  
Ал ол кім?  
Ірі сұрақ.  
Жауап қайда?  
іздеміз тырысып-ақ,  
Айтайын ба бір мысал дұрысырақ:  
Қазақ тілі –  
мертебе,  
әрі сынақ.

Қазақ тілі – өлмейтін бір алып бұл,  
Оққа кеуде төсейді сұранып кіл.  
Қазақ тілі –  
Мағжан – тіл,  
Міржақып – тіл,  
Байтұрсынов  
немесе Жұбанов – тіл..

Арнаулы бетті ұйымдастырған  
«Жұбановтану» ғылыми-зерттеу  
лабораториясы



## ӘДІС-ТӘСІЛ ДЕ МАҢЫЗДЫ



УНИВЕРСИТЕТТИҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚИТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ЖАЛПЫ УНИВЕРСИТЕТТІК ӘДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ. ОНЫ КІРІСПЕ СӨЗБЕН УНИВЕРСИТЕТТИҢ ПРОРЕКТОРЫ, ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР ТӨЛЕГЕН ӘМІРЖАНҰЛЫ БОТАҒАРИЕВ АШТЫ.

Семинарда философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Әбдрахманұлы Айтиев «Дінтану пәнін оқытудың әдістемелері», Германияның оқу орындарында тағылымдамадан өткен, философия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Гүлжан Хусаинова «Социологиялық зерттеудің әдістері», Испанияда тәжірибе жинақтаған гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы Гүлдариға Симуқанова «Әлеуметтану пәнін оқыту барысында интерактивті әдістерді қолдану», гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы Әсем Сәрсенова «Современные подходы в системе непрерывного образования» тақырыптарында баяндамалар жасады.

Семинар жұмысын философия ғылымдарының докторы, профессор Бақыт Елубайқызы Қайырова қорытындылады.

Өз тілшіміз

## «КҮН ШЫҒЫС» ЕЛІНДЕГІ КҮНДЕРДЕН ЕСТЕЛІК

БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНЕ КІРУ МАҚСАТЫНДА ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ЕЛІМІЗДЕ БІЛІМНІҢ ЖАҢА ЖҮИЕСІ ҚҰРЫЛУДА. БҰЛ ҮРДІС ПЕДАГОГИКА ТЕОРИЯСЫ МЕН ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНДА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУМЕН БІРГЕ, ЕЛІМІЗДЕ БОЛЫП ЖАТҚАН ТҮРЛІ БАҒЫТТАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖАҢАША ҚАРАУДЫ, СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫ, ІС-ӘРЕКЕТТІ ЖАҢАША ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ.

Сондықтан оқытудың дәстүрлі жүйесінде білікті мамандар даярлайтын жалпы оқу орындарының қазіргі мақсаты – өлемдік білім кеңістігіне өне отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау. Жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-ерісін байыту» деп атап көрсетілген.

Осыған орай республикамызда соңғы жылдары білім беру саласында өлемдік озық тәжірибелермен танысып, оны практикада қолдануды жүзеге асыратын бірқатар мемлекеттік бағдарламалар мен шаралар жүргізілуде. Осы міндетті шешуде «Өрлеу» халықаралық білім бағдарламасы бойынша бірқатар жұмыстар атқарылып келеді.

Біз, өткен жылдың қараша-желтоқсан айында Қазақстан ЖОО профессор оқытушылары (барлығы -14 адам), Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру республикалық институтының бағдарламасы бойынша 4 апталық курстан өткен болатынбыз. Курс 2- кезеңнен тұрды: 1-ші кезең «Өрлеу» ББЖҚБАРИ біліктілікті арттыру курсына қашықтықтан оқыту арқылы жүзеге асырылды, 2-ші кезең шетелдік ғылыми-педагогикалық тәжірибе алмасу. Қашықтықтан оқыту кезеңінде оқытудың жаңа технологиялық тәсілдері және оларды сабақтарда қолданудың әдіс-тәсілдеріне арналған модульдік тапсырмалар берілді. Курстың екінші кезеңі - Жапонияның Цукуба қаласындағы осы аттас университетінде ғылыми-педагогикалық тәжірибе алмасуға арналды. Осылайша біздер «Күн шығыс еліне» сапарға аттандық.

Жапония елінде өткен сапарымыздың әрбір күні жоспарланып, нақты бағдарламасы жасалынды. Ертеңіне Цукуба университетіне бардық. Цукуба университеті тарапынан курсты ұйымдастыру комиссиясының төрайымы Мотоко Шүто бізді қарсы алып, сәттілік тіледі.

Жалпы Цукуба университетінің тарихы 135 жылдан бұрын басталады. Болашақ педагогтарды дайындап шығаратын бұл жоғары оқу орны алғашында Токиода орналасқан, сосын Токио мемлекеттік педагогикалық университеті болып құрылады. Кейін 1973 жылдың қазан айында Цукуба қаласына ауыстырылып, қайта ұйымдастырылып, Цукуба университеті деп



аталады.

Аталған ЖОО-ның мақсаты – білім беру мен ғылыми зерттеу жүрпзу. Сонымен қатар, Токио қаласы маңында орналасқан Цукуба университеті өзінің өсем табиғатымен ерекшеленеді. Мұнда білім алуға келген шетел азаматтарының саны бойынша, аталған университет басқа мемлекеттік ЖОО-дармен салыстырғанда екінші орында. Әлемдегі ең ірі ғылым қаласы - Жапониядағы Цукуба қаласында 52 ғылыми-зерттеу мекемесі мен университет бар.

Жапония соңғы он жылдықтарда урбандалу қарқынының өте жоғарылығымен ерекшеленеді. Қалалары, аудандары бір бірімен жалғасып жатыр. Тұрғын үйлерінің жалпы ауданы, көшелері де шағын. Бұлардың бір жағынан үнемшіл болуына да әсер еткен - ау деп қаласын. Транспорттары, яғни автобус, жеңіл машиналары да шағын. Қала көшелерінің тазалығы таңдай қақтырады, қоқыстарды жинау да аса бір ұқыптылықпен жолға қойылған.

Келген бойда қонақ үйдегі тұрмыстық техникалық бұйымдары мен автоматтық жүйелері оларды қолданудағы ерекшеліктері бізді қатты таң қалдырды. Электр энергиясын үнемдеу, ысырапшылыққа жол бермеуі Жапонияның қарыштап дамуында басты маңызды факторларының бірі екендігін жоққа шығара алмаймыз. Адамға тұрмыста қажетті дүниелердің барлығы нүктесіне дейін ойластырып, аса бір ұқыптылықпен жасалғандығын байқадық.

Тағы да бір ерекше атап өтетін нәрсе - жапондықтардың ерекше жоғары мәдениеті, адамдарының қайырымдылығы. Кешеді, дүкендерде, метрода жөн сұрай қалсаң аса жоғары ілтипатпен жауап беруі, кезекке тұру мәдениеті де жоғары екен. Кешеді ұялы телефонмен сөйлескен жапон көрмедік, сөйтсек олар үшін қоғамдық орындарда телефонмен сөйлесу

мәдениетсіздік болып саналатын көрінеді.

Біздің арамызда тарихшылар басым болды. Сондықтан да тарихи ғылыми зерттеу институттарының зерттеулері қатты қызықтырды. Цукуба және басқа да қалаларында «Орталық Азияны зерттеу орталығы», «Славяндық еуразиялық зерттеу орталығы» т.б. жұмыс жасайды. Жапония елінің «Цукуба» университетінде өткен біліктілік кетеру курсына осы елдегі Орталық Азияны зерттеумен айналысатын ғылыми зерттеу институтының жетекші ғалымдарының зерттеу мәселелерімен таныстық. Бұл тақырыптар бойынша профессорлар Кимура Сатори, Сиғео Ямада, Хироси Сакай, Хисао Камацу, Чика Оби, Томокито Уяма, Тимур Дадабаевтардың дәрістеріне қатыстық. Жапониядағы білім берудің негізгі қағидалары: өлем азаматын тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетелеу мүмкіндіктерін тәрбиелеу және адамның мінез-құлық қасиеттерін қалыптастыру. Осы қағидалардың ішінде «өлем азаматын тәрбиелеу» қазіргідей ланкестік, саяси тұрақсыздықтардың керініс берулері кезеңінде жер жүзі халықтарының басты тәрбие қағидасына айналдырса игі іс болар еді деп есептеймін. Ал өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетелеу мүмкіндіктерін тәрбиелеу және адамның мінез-құлық қасиеттерін қалыптастыру бұпні оқыту мен білім берудің басты талабы екендігі жоғарыда сез болды.

Жапониядағы өткен онкүндік сапарымызда ғалымдардың дәрістері Токионың, Цукубаның көрнекті жерлеріне саяхаттармен кезектесіп отырды. Токио қаласындағы өлемдегі шығыстану бойынша 5-ші орынды иеленген «Тойо Бунко» кітапханасында болып, тыныс тіршілігімен таныстық. «Тойо Бунко» музейі 1924 жылы ашылған. Мұражай қорында миллионға жуық кітаптар қоры, оның ішінде 1000 жуық шығыстану бағытындағы сирек кездесетін қолжазбалар мен кітаптар жинақталған. Сонымен қатар

орта ғасырлық қазақтарға қатысты араб-парсы жазбалары және қазіргі кезде жарыққа шыққан Қазақстандық зерттеушілердің тарихи еңбектері бар екен.

Сапар барысында Цукуба қаласындағы Роботтық техникалық орталығына саяхат жасап, Жапонияның ең жаңа халыққа қызмет көрсететін роботтық киім үлгілерін тамашаладық. Қаладағы аэрокосмостық зерттеу орталығына саяхат жасалды. Мекеме басшылары ғылыми зерттеу орталығының құрылымымен, жұмыс жасау барысы, космостық құрылғылар туралы, космонавтар және олардың тамақтары, жаттығу алаңдарымен таныстырды.

Тәжірибе алмасу сапарының соңғы күнінде университет басшылығы қурсқа қатысушы оқытушыларға сертификат берді. Екі жақтан да кептеген жылы лебіздер, алғыстар айтылды.

Қорытындылай келе айтарым, толықтай курстың бізге типінен пайдасы зор болды. Оқыту мен білім беруде жаңа технологиялық әдіс тәсілдерді меңгердік, шетелдік ғылыми зерттеу институттары мен ғалымдарының зерттеулерімен таныстық, езара пікір алыстық. Жапонияның бастауыш, орта және жоғарғы білім беру жүйесінен де хабардар болдық. Осындай курсты ұйымдастырушы және тікелей қаржылай демеуші болған, Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру республикалық институтына және езім қызмет жасайтын университет басшылығына алғысымыз шексіз!

**Айнагүл ЕСПЕНБЕТОВА,**  
т.ғ.к., қазақстан тарихы және тарихи пәндер кафедрасының аға оқытушысы

# УНИВЕРСИТЕТТЕ СПАРТАКИАДА ӨТТІ

**ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ СПАРТАКИАДА БИЫЛ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ.**

Спорттың 9 түрінен құралған жарысқа білім ордасынан 11 команда қатысты. Спартакиада тоғыз құмалақ, дартс, ату, волейбол, стритболер, шахмат, шағын футбол сынды ойындарымен қамтылды.

Тоғыз құмалақ спорт түрінен бірінші орынға ие болған өкмішілік командасы жарыс аяғына дейін осы үрдісінен айрылмай, ақтық ұпай санымен топ басшысы болды. Жалпы командалық ұпай санында аталмыш команда 1-і орынды иеленсе, 2-і және 3-і орындарды экономика-құқықтану және педагогика институттары өзара бөлісті.

Бұл спартакиадаға белсенді қатысқан Жүнісов Б., Мұхтаров С., Сливак-Лавров И.Ф., Каидасов Ж., Сарбаев Д. сияқты спорт ардагерлерін және емхана медбикелерін атап кеткен жөн.

Жарысқа қатысқан 8 командаға, соның ішінде Әкімшілік командасы – 47 000т, Экономика-құқықтану институты – 22 000, Дене тәрбиесі кафедрасы – 20 000т, Педагогика институты – 16 000 т, Техника факультеті – 16 000 т, студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімі – 8 000т, тарих факультеті командасы – 6 000 т, Физика-математика факультеті командасы – 5 000т және филология факультеті командасы – 4 000 т қаржы тапсырылды.

Бұл спартакиадаға демеушілік көмегін көрсеткен - университеттің кәсіподақ ұйымы. Кәсіподақ төрағасы Г.М.Зарлықова ханымға ұйымдастырушалар алғысын білдіреді.

**А Қ.ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ,**  
ҚР-на еңбек сіңірген жаттықтырушы,  
Ұлттық дәрежедегі тереші,  
Спортклуб төрағасы



2015-2016 оқу жылының Қ.Жұбанов атындағы АӘМУ оқытушы-профессорлар және қызметкерлері спартакиадашының қорытынды кестесі

№	Спорт түрлері Факультеттер	Тоғыз құмалақ	Дартс	Үстел теннисі	Ату	Волейбол әйел	Стрит-болер	Шахмат	Шағын футбол	Ұпай	Орын	
												Орын
1	Әкімшілік	1	1	2	4	1	1	3	4	1	18	1
2	Экономика-құқықтану институты	6	2	5	3	2	5	2	3	6	34	2
3	Педагогика институты	5	3	7	1	5	12	6	5	2	46	3
4	Техника	3	6	3	2	6	6	12	6	3	47	4
5	Дене тәрбиесі каф	10	8	1	6	3	12	1	2	7	50	5
6	Физика-математика	4	5	4	8	9	12	5	1	5	53	6
7	Филология	2	4	6	5	8	12	4	8	4	53	7
8	Тарих	8	7	12	12	7	3	12	7	9	77	8
9	Жаратылыстану	7	9	8	7	12	4	12	9	12	80	9
10	Студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімі	9	12	12	12	4	2	12	12	8	83	10
11	Шетел тілі	12	12	12	12	12	12	12	12	108	11	

Ескерту: қатыспаған командаға соңғы орын + 1 ұпай беріледі.



## ТЕАТР СТУДИЯСЫ АШЫЛДЫ

Білім мен ғылым ортақтаса жүріп отырған заманда, шығармашылық туралы ұмытпаған абзал Университетімізде өз уақыт тапабына сай мамандыққа оқып жүрген студенттердің арасында өнерге бейім, шығармашылыққа етене жақын балалар аз емес. Осы орайда ректордың қолдауымен 2016 жылдың қаңтар айынан бастап білім ордамызда Елтай Кемал бастаған театр студиясы жұмыс істей бастады.

Махамбеттің 200 жылдығына арналған XI Республикалық театр фестивалінің "Ең үздік Исатай ролі" номинациясының лауреаты мен Халықаралық "Шабыт" фестивалінің театр жанры бойынша «Үздікклассикалықроль» номинациясының иегері болған жоғары санаттағы актер университетіміздің студенттерімен жұмысын бастауда.

Қоюшы режиссер, театр өнерінің магистрінің алдыға қойған мақсаттары орасан зор. Ең бастысы театр студиясының тәлімгерлерімен республикалық аренаға шығып, фестивальдерге қатысып, жүлделі орындарды иелену.

Әрдайым ізденіс үстінде жүретін өнер адамы, дәл қазір студияға келіп, өз өнерін шындай алатын, әкгерлік пен ораторлық шеберлігін, елең шығару мен аспаптарда ойнай алатын хореографияға бейім студенттер іздеуде. Кастинг 9 ақпан күні, сағат 15.00, Студенттер сарайында өтеді.

**Линара ҚУЖАХМЕТОВА**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
**"Театр студиясы" шақырады!**



Егер сен белсенді жастардың қатарына қосыларын келсе, таланттыды, жеке қасиеттеңді шыңдағын, кейсе онда бұл орта дәл саян арнаған.  
Біздің есік әрдайым саған ашық! Достарыңды бірге ерте кел жас дос!  
Әр күннің қызықты өтуіне көмекші береміз!

- Актерлік шеберлік
  - Хореография
  - Аспаптық ойнау
  - Элең шығару шеберлігі
  - Әдебиетшілік
  - Көрсетісуді
- Театр студиясының көкемдік жетекшісі режиссер, театр өнер магистрі Кемал Елтаев  
Кастинг!!!  
9-Ақпан сағ.: 15:00  
Студенттер сарайы

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат Министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитеті  
Мерзімді баспасөз басылымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы 2014 жылғы 12 ақпанда тіркеліп №14155-Г шешім берілген

Бас редактор Кужахметова Д.Т.  
Газет тілшісі Арэн Ж.С.  
Газет корреспонденті Бекбағанбетов О.  
Газет маманы Жалғасбаева М.Ж.  
Газет корректорлары Адилханова С., Трофимова Г.  
Фотокорреспондент Арэн Ж.С.

Меншік иесі:  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис»  
баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9 «К» басылады.  
Тел.: 8(7132)45.545 400-400.

Тапсырыс №14.  
Тиражымыз 3000

Біздің мекен-жайымыз:  
030000, Ақтөбе қаласы, Ә. Молдағұлова көшесі 34 ұй. 2-қабат, 200 6 белме. Көлемі 2 баспа табақ.  
Газет айына 2 рет шығады.

Газет редакциясына келіп түскен қолжазбалар мен фотосуреттер қайтарылмайды.